Сәрсенбай Нұржанның үйінде осы балалардың у-шуымен ұзақ отырып қалды. Жұртпен бірге ол да қарқ-қарқ күлді. Ол да балаларды кезек-кезек сүйді. Нұржанның үйінде Сәрсенбай ұзақ отырып, қайтуға шыққанда, ауылдың бәрі-ақ жатып қалған еді. Қайтып үйге кірсе, Шолпан да жатқан екен, бірақ ұйықтаған жоқ екен. Шешініп, Шолпанның қасына жатты да, Нұржанның балаларының ісін, олардың тәтті қылықтарын әңгімелеп айта бастады. Уһілемей, күрсінбей, «біздің баламыз жоқ-ау» деген уайым да айтпай, қайта күле-күле сөйледі.

Сәрсенбай әңгімесінің арасында жай сөздің екпінімен:

«Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар» деген сөз ып-рас-ау дегенде, Шолпанның басында жаңа бір ой жарқ ете түсті: үш жылдан бері балам болмасын деген тілегінің, қате болғанда да, есалаң екендігі, бала болмаса, екеуінің өмірінің қу мазарға айналатындығы еді. Араларындағы жалынды махаббаттың заманның озуымен бірге бірте-бірте май шамдай еріп сөнетіндігі, құшақтың ыстығы өмір бойы бір қалыпта тұрмайтындығы, екі жүйрік жүректің екпіні баяулаған кезде бір-бірінен жирендірмей, бір-біріне берік байлайтын бала екендігі, баланың ер мен әйел арасындағы дәнекер екендігі – міне, осы ойлардың бәрі сол сағатта ап-айқын боп Шолпанның көз алдына келді.

Өзгөрсөндөй балалардын татты жылыктарын крме сөйлөп, ызак эңгине етпн айтып, Мөсөктө Жанын ол шын ынтасы мен карк-карк крменде, Молман да бирге крлді. Бирок бул крлгөн Молманын Жаны емес, дем терісі гана еді.

Өзгөрсөндөй манагы мақалды айтқаннан кейін Молманын ержардай ыңкыр Жанын, Желдей есалаң Жүргөйн кара Жыландай кан-кара ойлар оран алып, улай даман еді. Мөңсөз теңіздің кара көк толқындарындай кан-кара ойлар бірінин артынан дірі келді. Үш жыл бойына созылган есалаң тілек. Әлдеқайда алыста болдырлан келе жатқан кәрілік. Көзінің оты сөнпн, ер-ерр крме айналган, крздей көңілеіз кәрілік. Жанынң қанатын қырқатын, Жүргөктің отын сөндіретін кәрілік. Бала болмаса, сол кезде сөнпн бара жатқан өмірге кім сөзле берер, кім оны жылытар?.. Бала болмаса, сол кезде ішіндегі дәні шіріп, кейін қалган шөптің қауызындай бос өмірдің келтігін кім толтырар?.. Жок-ау! Әлдеқайда алыстағы кәрілікті қоя тәршы. Оған өмір не жетер, не жетпес, сол кәрілік жетпей-ақ, осы крннің өзінде-ақ, өмір босап қалайын деп тұрған жок па? Жаһанда оған кршті нәрсе жок деп илан келтірген махаббаттың крші ерімен екеуін бір-біріне берік байлауға ыңкыр жыла гана жетпн, енді өз-өзінен сөнөйін деп тұрған жок па? Сөзіз Молман ың жыл бойына бала болмасын деп тіледі. Енді сол бала болмағандықтан ертегідей, әдемі өмір қу мазарға айналайын деп тұрған жок па? Міне, Молманынң Жанында кара көк теңіздің толқындарындай ыңкыран ойлардың қорытындысы осы еді.

Өзгөрсөндөй әлдеқашан ыңкыра кетті. Бирок Молман анау ойлармен уланып, кірпік қарқысы жок. Қыетын ызын түні шайтанның шашындай ыңкырағаннан ыңкырды. Молманынң ойлары да тереңдегеннен тереңдеп, қарайғаннан қарайды... Қршығыстан ағарып алтын таң атып келе жатқанда, Молман болар-болмас крдірлен: «Жаспаған-ау, бала бере гөр!» - деп, жас балаша өкеігін баса алмай, жаспағаннан бала еррап жатыр еді.





schw
transitive

[adj, adv] /transi'tɔ:ri/

translate /træns'leɪt/

(Text) 2 <fig>
setzen Person
mel) Religio

translation
Übersetzung

die
Ge-
was

eune

МАҒЖАН АУДАРМАЛАРЫ

Мағжан аударма саласында қарымды еңбек етіп, осы салада қазақ әдебиетін жаңа биікке көтерген суреткер. Әбу Фирас, А.А.Блок, И. Гете Г. Гейне, М. Горький, И.И.Дмитриев, В.В.Иванов, А.В. Кольцов, И.П.Мятлов, М. Лермонтов, Д.Н.Мамин-Сибиряк, А.А.Фет, Мотин т.б. қазақ тіліне аударған.

ПЕРЕВОДЫ МАГЖАНА

Мағжан оставил неизменный след в области переводов, тем самым обогатив и возвысив казахскую литературу. Он осуществил переводы произведений Абу Фираса, А.А.Блока, И. Гете, Г. Гейне, М. Горького, И.И. Дмитриева, В.В.Иванова, А.В.Кольцова, И.П. Мятлова, М.Ю.Лермонтова, Д.Н.Мамина-Сибиряка, А.А.Фета.

MAGCAN ÇEVIRILERI

Magcan çeviri işinde değişmeyen bir iz bıraktı, böylece Kazak edebiyatını zenginleştirdi ve yükseltti. Abu Firas, A.A.Blok, I. Goethe, G. Heine, M. Gorki, I.I. Dmitriev, V.V. İvanov, A.V. Koltsov, I.P.Myatlov, M.U. Lermontov, D.N. Mamin-Sibiriyak, A.A. Fet. ve diğerlerin kazak diline çevirdi.

TRANSLATIONS OF MAGZHAN

Magzhan left an unchanging mark in the area of translation, thereby enriching and elevating Kazakh literature. He translated the works of Abu Firas, A.A. Block, I. Goethe G. Heine, M. Gorky, I.I. Dmitriev, V.V. Ivanov, A.V. Koltsov, I.P.Myatlov, M.U. Lermontov, D.N. Mamin-Sibiriyak, A.A. Fet.

JOHANN WOLFGANG GOETHE "ERLKOENIG"

И. Гете "ЛЕСНОЙ ЦАРЬ"
(на немецком языке)

Wer reitet so spaet durch Nacht und Wind?
Es ist der Vater mit seinem Kind;
Er hat den Knaben wohl in dem Arm,
Er fasst ihn sicher, er haelt ihn warm.

"Mein Sohn, was birgst du so bang dein Gesicht?"
"Siehst, Vater, du den Erlkoenig nicht?
Den Erlenkoenig mit Kron` und Schweif?"
"Mein Sohn, es ist ein Nebelstreif."

"Du liebes Kind, komm, geh mit mir!
Gar schoene Spiele spiel` ich mit dir;
Manch bunte Blumen sind an dem Strand;
Meine Mutter hat manch guelden Gewand."

"Mein Vater, mein Vater, und hoerest du nicht,
Was Erlenkoenig mir leise verspricht?"
"Sei ruhig, bleib ruhig, mein Kind!
In duerren Blaettern saeuselt der Wind."

"Willst, feiner Knabe, du mit mir gehn?
Meine Toechter sollen dich warten schoen;
Meine Toechter fuehren den naechtlichen Reihn
Und wiegen und tanzen und singen dich ein."

"Mein Vater, mein Vater, und siehst du nicht dort
Erlkoenigs Toechter am duestern Ort?"
"Mein Sohn, mein Sohn, ich seh` es genau,
Es scheinen die alten Weiden so grau."

"Ich liebe dich, mich reizt deine schoene Gestalt;
Und bist du nicht willig, so brauch` ich Gewalt."
"Mein Vater, mein Vater, jetzt fasst er mich an!
Erlkoenig hat mir ein Leids getan!"

Dem Vater grauset`s, er reitet geschwind,
Er haelt in den Armen das aechzende Kind,
Erreicht den Hof mit Muh` und Not;
In seinen Armen das Kind war tot.

1782 г.

ЛЕСНОЙ ЦАРЬ

(перевод В. А. Жуковского)

И. Гете.

Кто скачет, кто мчится под хладною мглой?
Ездок запоздалый, с ним сын молодой.
К отцу, весь издрогнув, малютка приник;
Обняв, его держит и греет старик.

«Дитя, что ко мне ты так робко прильнул?»
«Родимый, лесной царь в глаза мне сверкнул:
Он в темной короне, с густой бородой». -
«О нет, то белест туман над водой».

«Дитя, оглянися; младенец, ко мне;
Веселого много в моей стороне:
Цветы бирюзовы, жемчужны струи;
Из золота слиты чертоги мои».

«Родимый, лесной царь со мной говорит:
Он золото, перлы и радость сулит». -
«О нет, мой младенец, ослышался ты:
То ветер, проснувшись, колыхнул листы».

«Ко мне, мой младенец; в дуброве моей
Узнаешь прекрасных моих дочерей:
При месяце будут играть и летать,
Играя, летая, тебя усыплять».

«Родимый, лесной царь созвал дочерей:
Мне, вижу, кивают из темных ветвей». -
«О нет, все спокойно в ночной глубине:
То ветлы седые стоят в стороне».

«Дитя, я пленился твоей красотой:
Неволей иль волей, а будешь ты мой». -
«Родимый, лесной царь нас хочет догнать;
Уж вот он: мне душно, мне тяжело дышать».

Ездок оробелый не скачет, летит;
Младенец тоскует, младенец кричит;
Ездок погоняет, ездок доскакал...
В руках его мертвый младенец лежал.

1818 г.

ОРМАН ПАТШАСЫ

(Мағжан аудармасы)

(Гетеден)

Қараңғы салқын түнде кім
Аяндамай, желеді?
Жанында жас ұлы бар,
Жолаушы жортып келеді.

Әкесіне дірілдеп
Тығылды бір уак нәресте.
Құшақтап қысып баласын
Жылытады карт әке.

«Неге қорқып тығылдың,
Айтшы, көзім қарасы?»
«Көз алдымда жарқ етті,
Жан ата, орман патшасы.

Сақалы оның коп-кою,
Қара тәж киген Қарахан!»
«Жок, жаным, су үстінде
Тұман ғой ол ағарған!»

«Мойныңды бұр, балакай,
Маған кара, нәресте.
Не тілесен, менде бар
Сансыз қызық көп нәсте!

Хош иіске толтырар
Феруза гүлдер манайын.
Бұлақтарым – меруерт,
Саф алтыннан сарайым!» –

«Жан ата, орман патшасы
Сөйлеседі менімен,
Меруерт, маржан қуаныш,
Береді алтын кенімен!»

«Жаным, жаңылыс естіпсің,
(Береген патша ол неткен?!)
Жел ғой ол жаңа оянып,
Жапырақты тербеткен».

«Келші маған, нәрестем,
Тоғайымның ішінде
Сұлуларым көрерсің,
Көрмеген ондай түсінде.

Ай жарықта сұлулар
Токтаусыз ойнар да ұшар.
Тылсымды ойын, бал шумен,
Сәулем, сені ұйықтатар!» –

«Жан ата, орман патшасы
Шакырды кара қастарын!
Арасынан бұтақтар
Шұлғиды қыздар бастарын!»

«Қорықпа, балам, қараңғы
Түнде жоқ еш қорқыныш.
Ол – ақ шашты ағаштар,
Жай ғана тұр ғой тып-тыныш!»

«Жараланды жүрегім,
Ғашықпын, бала, көркіне.
Енді маған келерсің!
Қоймаспын, сірә, еркіне!»

«Жан ата, орман патшасы
Қуып бізге жетті ғой.
Келіп қалды мінекей,
Қысылдым, демім бітті ғой!»

Жолаушы енді қысылып,
Шаппайды, ұшып келеді.
Қайғырады нәресте,
Нәресте жылай береді.

Құйындатып жолаушы,
Үйіне ұшып келіпті.
Бірақ оның қолында
Нәресте жолда өліпті.



МАҒЖАН: ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ

Мағжан «Педагогика», «Бастауыш мектептерге ана тілін оқыту жөні» сияқты еңбектер жазған. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған, Ақан сері, Базар жырау, Әбубәкір Диваев туралы зерттеу еңбектер жазған.

МАГЖАН: НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ

Мағжан является автором таких трудов как «Педагогика», «О преподавании родного языка в младшей школе». Ему принадлежат собрания образцов устного народного творчества и исследования об Ахан сери, Базар жырау, Абубакере Диваеве.

MAGCAN: BILIM VE EĞİTİM

Magcan «Pedagoji», «İlkokulda Anadili öğretme üzerine» gibi eserlerin yazarıdır. sözlü halk sanatlarından örneklerin topladı, Akan seri, Bazar zhyrau, Abubaker Divaev hakkında araştırmalara sahiptir.

MAGZHAN: SCIENCE AND EDUCATION

Magzhan is the author of such works as «Pedagogy», «On the teaching of the native language in junior school». He owns collections of samples of oral folk art and research about Akhan seri, Bazar zhyrau, Abubaker Divaev.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЙ
ПЕДАГОГИКА
(үзінді)

Тарту

Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім.
Еліміздің азғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы
бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдердікі.
Бірге оқысқан, бірге оқытысқан, жылдарымыз бір, жолымыз бір қазақ
мұғалімдері!
Қолымнан келген осы еңбегімді сендерге тарту қылам.
Ниетімнің тазалығы үшін тартуымды қабыл көріп алыңыздар.

Мағжан Жұмабай

Сөз алды

Бұл кітап 2-3 жыл бұрын қысқа уақыттық мұғалімдер курсында оқылған дәрістерден түзілген еді. Бұл күнге шейін басылып шығып жарық көре алмады. Бұл айып менікі емес, бүлінген замандікі.

Кітапты бір орыс кітабынан тура тәржіма деуге болмайды. Алдыма бір кітапты жайып қойып, бұрылмастан желе бергенім жоқ. Тәрбие ғалымдарының пікірлерін тандап алуға ұмтылдым. Шамасы келгенше қазақ қанына қабыстыруға тырыстым (Көп пайдаланылған Рубинштейн, Скворцов, Смирновтардың педагогика туралы еңбектері).

Бізде бұрын жасалған пән тілі болмағандықтан, түрлі терминдерге тап басқандай қазақша сөз табу көп күшке тиді. Қалайда курстарда оқыған мұғалімдердің жәрдемімен таза орыс сөздері қазақшаға айналдырылды. Ал енді жиһан тілі болып кеткен шет сөздерді қазақшаға аударам деп азаптануды тиісті таппадым.

Мен педагогика майданында бәйгі алып жүрген жүйрік емеспін. Кітаптың құрылысында, тілінде, түрлі ат қоюда, хатта, кітаптың жалпы негізінде көп кемшіліктер болуға мүмкін. Мұғалімдер тексеріп оқып, қате жерлерін көрсетсе, сансыз рахмет айтар едім.

Мағжан Жұмабай
1922 жыл, 15 сентябрь,
Қызылжар.

ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА

Жетекші сөз

Тәрбие деген не?

Тәрбие кең мағынасымен алғанда, қандай да болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз. Ал енді адамзат туралы айтылғанда, адамның баласын, кәміл жасқа толып, өзіне-өзі қожа болғанша, тиісті азық беріп, өсіру деген мағынада жүргізіледі.

(Адамзат дене һәм жан аталған екі бөлімнен тұрғандықтан, бұл екі бөлімнің соңғысы, яғни жан, адамзат үшін аса қадірлі болғандықтан, дұрысын айтқанда адамға шын мағынасымен «адам» деген атты осы жан ғана беретіндіктен, адам баласын тәрбие қылу дегенде, әрине, адам баласының әсіресе, жанын тәрбие қылу керек деп ұғу керек).

Жер жүзіндегі басқа жан иелерімен салыстырғанда, адам баласы туғанда өте әлсіз, зағып, осал болып туады. Малдың төлі туа сала аяқтанады. Тауықтың балапаны жұмыртқадан жарылысымен жүгіріп кетеді. Ал адам баласы туғанда інгәлаған айғайы мол бір кесек ет. Ақылы, есі жоқ. Денесі тым әлсіз. Өсуі, ұлғаюы тым сараң, тым шабан. Мінеки адам баласы осылай өте әлсіз боп туып, аса сараң өсетіндігінен, оның денесіне, жанына азық беріп, өсуіне көмек көрсетпей, яғни оны тәрбие қылмай болмайды.

Тәрбие бөлімдері

Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі. Егерде адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Егерде ол жөпшенді ыстық, суық, аштық, жалаңаштық сықылды тұрмыста жиі ұшырайтын көріністерді елемейтін мықты, берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын дұрыс ақылды болса, сұлу сөз, нәзік үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны толқынданарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса, міне осындай болғанда адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы. Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын. Бала ауру не зағып болса, баладан емес, тәрбиешіден. Бала тар ойлы, ақымақ болса, бала кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі. Бала сұлулықтан ләззат ала білмейтін мақау жанды болса, бала айыпты емес, тәрбиеші жазалы. «Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші

көтерсін» деген иран елінің мәтелі – шын дұрыс мәтел.

Тәрбиеден максұт

Тәрбиеден максұт адамды, һәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат дүниесін бакытты кылу. Ұлт мүшесі әрбір адам бакытты болса, ұлт бакытты, адамзат дүниесінің мүшесі әрбір ұлт бакытты болса, адамзат дүниесі бакытты. Қысқасын айтқанда, тәрбиедегі максұт "адам" деген атты кұр жала кылып жапсырмай, шын мағынасымен адам кылып шығару.

Педагогика кандай пән?

Біз жоғарыда адам баласының тәрбиеге мұқтаж екендігін, оған қандай тәрбие беру керектігін, һәм ол тәрбиені не үшін беру керек екендігін айттық. Жә, тәрбие керек. Бірақ, балаға дұрыс тәрбиені әрбір тәрбиеші (ата-ана, мұғалім) тәрбие жолын ешкімнен үйренбей-ақ, ешнәрсені оқып-білмей-ақ өз бетімен бере ала ма? Әркім өзі-ақ жол тауып кеткендей бала тәрбиесі соншама бір жеңіл нәрсе ме? Жок. Бұлай емес. Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер. Баланы дұрыс тәрбие кылу үшін әркімнің өз тәжірибесі жетпейді. Баска адамдардың тәжірибесімен танысу керек. Сол баска адамдардың тәрбие майданындағы тәжірибелерін көрсеткен жеке бір пәнмен, яғни тәрбие пәнімен таныс болу керек. Тәрбие пәні – педагогика деп аталады.

Педагогика грек елінің сөзі. Пед – бала, агоги – жетектеу деген екі сөзден кұралған. Баяғы Грецияда балаларды бағып, мектепке алып келіп жүретін кәрі кұлдар педагог деп аталған. Педагог деген аттың бұрын мактаулы болмағандығы осыдан көрінеді. Бірақ соңғы заманда пән, ғылым өсіп адамзат өнерленген сайын педагог деген есім қадірлі, қасиетті болып барады.

Педагогикамен жақсы таныс болудың керектігі

Балаға тәрбие бергенде әрбір тәрбиешінің алдымен колданатын жолы – өз тәжірибесі. Яғни бала күнде өзі қандай тәрбие алған, һәм баланы бұрын өзі қалай тәрбие кылған. Міне, осы жолмен жүреді. Әрине, бұл жолды тіпті қисық жол деуге болмайды. Қисық болу былай тұрсын, тәрбие туралы әрбір тәрбиешінің өз тәрбиесі – аса қымбат нәрсе. Адамның өз тәжірибесі – жүріп кеткен жолы. Ол жолдың жақсы-жаман жағы көз алдында сайрап тұр. Істегеннен көрген анық. Көргеннен бастан кешкен анық. Бірақ бұл әркімнің өз тәжірибесі қанша қымбат

болғанмен, қатесіз жол деуге болмайды. Бір адамның тәжірибесі тым тар, тым бірбеткей тәжірибе. Тәрбиешінің өзіне қолайлы болған жол тәрбие қылатын балаға қолайлы болмасқа мүмкін. Тәрбиеден мақсұт – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес. Келешек өз заманына лайық қылып шығару ғой. «Балаңды өзімдей бол деп үйретпе, өзімдей болма деп үйрет!» деген Әзірет Әлінің сөзінде көп шындық бар. Бұл – бір.

Екінші, әрбір тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбие қылуы туралы ескіден қалып келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті. Бірақ, ұлт тәрбиесін, ұлттың тәрбие жолында ұстаған жолын түгелімен дұрыс деуге болмайды. Ұлт тәрбиесінің жақсылық жағы көп болған сықылды, жамандық жағы да көп. Талай нашар, зиянды әдеттер әрбір ұлт тәрбиесі ішінде толып жатыр. Баяғыдан бергі ұлт тәрбиесінің ішінде ұнамсыз, зиянды әдет, жол-жоралар толып жатқан ұлттың біреуі – біздің қазақ. Қысқасы, ұлт тәрбиесі қанша қадірлі, керек жол болғанмен, адастырмайтын дұрыс жол деуге бола бермейді.

Жоғарыда айтқаннан көрінеді, балаға шын дұрыс тәрбие беру үшін, тәрбиешінің өз тәжірибесі, һәм ұлт тәрбиесімен таныс болуы жетпейді екен. Бұлар - бірбеткей шикі тәжірибелер. Бұлар сыннан өткізіліп, пісірмеген күйде берік негіз бола алмайды. Бұлардың арасынан жақсы-жаманын, алтын мен мысын тізіп ала білу үшін тәрбие майданында шабылып ысылған тарландардың тәжірибелерімен, түрлі ұлттан түрлі заманда шыққан тәрбие ғалымдарының ойларымен, қысқасы, тәрбие туралы дұрыс жолға түсіретін шын тәрбие дәнімен, яғни педагогикамен жақсы таныс болу керек.

Педагогикаға жәрдемші пәндер

Педагогика адамның денесін, һәм жанын дұрыс тәрбие қылу жолдарын ізденетін пән болғандықтан, педагогика пәнімен дұрыс пайдалана білу үшін, екінші түрлі айтқанда, адамды дұрыс тәрбие қыла білу үшін адамның денесі, һәм жанының жайын кеңес қылатын басқа пәндермен таныс болуға тиісті. Бұл пәндер төмендегілер.

Дене туралы пәндер:

Анатомия. Адам денесінің құрылысын баяндайды (Денеді қандай мүше бар, жаратылысы қандай).

Физиология. Адам денесінде болатын көріністерді баяндайды (тұру, жүру, демалу сықылды).

Гигиена. Саулықты сақтау пәні.

Гимнастика. Саулықты бекіту үшін түрлі дене қозғалысы туралы.

Жан туралы пәндер:

Психология. Адамның жанының жайын, жан тұрмысын, жан көріністерін, жан күштерін, ақыл-ойдың жайын баяндайтын пән.

Логика. Дұрыс ойлау жолдарын көрсететін пән.

Этика. Құлық туралы пән. Яғни адамшылық не? Осыны баяндайды.

Педагогикаға тағы бір керекті пән

Педагогика тарихы. Түрлі заманда түрлі тәрбиеге адамзат қалай қараған, қандай жолдармен жүрген, тәрбие дүниесінде қандай білімпаздар өткен, олар қандай жаңа жолдар тапқан. Міне, педагогика тарихы осыларды баяндайды.

Педагогика бөлімдері

Педагогика пәні беске бөлінеді: 1) Жалпы педагогика. Адамның дене, һәм жан күштерін, тәрбие жолдарын көрсетеді. 2) Дидактика. Оқытудың негізгі жолдарын көрсетеді. 3) Методика. Оқытудың негізгі жолдарына негіздеп белгілі бір пәнді қалай оқыту жолын көрсетеді. Мысалы, мектепте қазақ тілін қай жолмен оқыту керек екендігін үйрететін пән қазақ тілінің методикасы деп аталады. 4) Мектепті басқару. Бұл пән мектеп қалай салынуға, қалай ұсталуға тиісті, сыныптарға шәкірттерді қалай бөлу керек, оқу пәнін қалай белгілеу керек, міне, осылар сықылды мектеп құрылысы жұмыстарын көрсетеді. 5) Педагогика тарихы. Бұл пәннің не нәрсені кеңес қылатындығы жоғарыда айтылды.

1487 > 46

دولت مکتبہ خوارزمیہ

678

مکتبہ خوارزمیہ

پیدا گوگیکا

(تالی تاریخ قلذ حونداری)

М ЖУМБАЕВ

ПЕДАГОГИКА

9253

Мағжан Жумабаев

ПЕДАГОГИКА

ТУРКЕСТАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
ИЗДАТЕЛЬСТВО
Ташкент, 1923 г.

دولت مکتبہ خوارزمیہ
تاشکنت
۱۹۲۳





III

Мағжан туралы
О МАГЖАНЕ
Magcan hakkında
About Magzhan

ОЯН, ҚАЗАҚ

*Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткіздей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал аралы боп,
Қарағын, енді жату жараласты...*

Міржақып Дулатұлы

М. Д. АБАҚТЫДАН ШЫҚҚАНДА

*Зор қуаныш – қара түн өткеніне,
Алтын таңды ашық көңі жеткеніне,
Қан аралас төгілген көңі көз жасты
Мәңірі қабыл, мейірін тып, еткеніне.*

*Ерік қрең қайта ршып келгеніне,
Душар болмай дұшпанның мергеніне.
Қайта шықты батқан Қоң, нұр шашылды,
Мың шіркілік Мәңірінің бергеніне...*

Мағжан





Бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге қалатын анық сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін.

Мұхтар Әуезов

«Мағжан – поэт огромной культуры. Его поэтическая индивидуальность настолько уникальна, что он перерастет рамки своей эпохи... Из числа всех нынешних писателей только слово Мағжана устремлено в будущее и достойно останется в памяти грядущих поколений...»

Мухтар Ауэзов

«Magzhan is a poet of a huge culture. His poetic personality is so unique that he will outgrow the frame work of his era. Of all the present writers, only the word of Magzhan is directed to the future and will dignifiedly remain in the memory of future generations...»

Mukhtar Auevov



*Алаш қайраткерлері. 1918-19 жылдар
(екінші қатарда оң жақтан бірінші отырған Мағжан,
түреген тұрғандардың ортасында Мұхтар)*

*Деятели Алаш. (сидящий справа
первый во втором ряду Мағжан,
из стоящих посередине Мухтар). 1918-19 год.*

*Alash liderleri. (ilk sağdan sağa çıkan Magcan,
yerleşimcilerin ortalarında Muhtar). 1918-19 yıl.*

*The leaders of Alash (sitting first
on the second row Magzhan,
standing in the middle of Mukhtar). 1918-19 year.*

МАҒЖАНДЫ СҮЙЕМІН!

Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да Абайда...

Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған, әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қара қордалы ауылында туып, Европадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан арқа қызын көріп сезгендей боламын. Мағжан – культурасы зор ақын. Сыртқы кестенін келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның шегінен асқандай, бірақ, түбінде әдебиет таратқышылары газетпен қосақталып, күндегі өмірінің тереңін терген ақын болмайды, заманнан бас озып, ілгерілеп кеткен ақын болады. Әдебиет – әдебиет үшін деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушыларының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі. Одан басқамыздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін.

*Мұхтар Әуезов,
«Еңбекші қазақтың» анкетасына жауап.
Жазушы архивінен. 1927 жыл.*



Дұғада бол, алтын Алтай—қарт анам,
Алып ата, құды жолың ер балаң.
Ақ шашыңды, көкірегіңді шікеуге,
Тәңір жазса, едәулетпенен тез барам.

Мағжан





Мағжан – алдымен сыршыл акын. Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен жас пен қаны аралас шыққан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады.

Жүсіпбек Аймауытов

Әдебиет сынмен көркейеді. Бәйгеге қосатын атты жаратып, құйрық жалын сүзіп жіберсе, көрікті болып жұтынып шығады. Әдебиетке сондай күтім, сондай сын керек. Әсіресе әдебиетті сынау біз сықылды жұртқа керек, өйткені бізде әлі жөнді әдебиет жоқ, бар болса – балапан, буыны бекіп, бұғанасы қатқан жоқ, әдебиетті тәрбиелей, мәпелей білсек, біздің де ақындарымыз, жазушыларымыз санатқа қосылады.

Мағжан өлеңдерін аса құнттап, бұлдап жарыққа шығаратын Мағжаншылдар да бар; іске алғысыз қылып, өртеп жіберу керек дейтіндер де бар; қысқасы, Мағжанның қасы да, досы да бар. мактаушылар нені біліп мактап жүр, жамандаушылар не үшін жамандап жүр? Оны тексеру біздің мақсатымызда жоқ. Біз шамамыз келгенше Мағжанға сын көзімізбен қарағымыз келеді. Сын көзі дегенде, біз ғылымның жолын тұтынумыз керек. Мәдениетті жұрттар, жазушыларын, ақындарын қай жолмен тексеріп сынаса, бізде сол жолды қолдануымыз керек.

*Жүсіпбек Аймауытов. Мағжанның ақындығы туралы.
(Ташкенттегі қазақ студенттеріне етілген баяндамадан үзінді)*



Ағылшын халқына Шекспирдің, орыс халқына Пушкиннің қадірі қандай болса, қазақ халқы үшін Мағжан Жұмабайдың қадірі де сондай.

Әлкей Марғұлан

Мағжан Жұмабаев имеет для казахского народа такое же значение, какое для англичан Шекспир, для русских – Пушкин.

Алькей Маргулан

İngilizler için Shakespeare, Ruslar için Puşkin ne kadar değerliyse kazak halkı için Magcan o kadar değerlidir.

Alkei Margulan

Magzhan Zhumabaev has the same significance for the Kazakh people as for the British Shakespeare, for the Russians – Pushkin.

Alkei Margulan



Мағжан — ешкімге ұқсамайтын даралығы айқын, аса дарынды акын. Оның өзіне тән тіл өрнегі, ғажап әуені халық поэзиясының тереңінен нәр алған.

Құдаш Сайфи

Это — своеобразный, самобытный и очень талантливый поэт. Он имеет только ему присущий слог, удивительную напевность, истоки которой в глубинах народной поэзии.

Құдаш Сайфи

Magcan, kimseye benzemeyen parlak, özgün ve yetenekli bir şairdir. Onun eşsiz dili, inanılmaz melodisi halk şiirinin derinden etkilenmiştir.

Kadash Saifi

He is a peculiar, original and very talented poet. He has only his inherent syllable, an amazing melody, the origins of which are in the depths of folk poetry.

Kadash Saifi






Ол дана болатын...

Это был гений...

O bir dahiydi...

This was a genius...

*Виктор Шалаев,
автор пьесы реквием
«СУД МАГЖАНА»*



МАҒЖАН АУДАНЫ

Мағжан Жұмабай ауданы – Қазақстан Республикасы Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік орталығы. Аудан орталығы – Булаев қаласы. Тұрғыны 41,8 мың адам. Мағжан ауданы батысында Акқайын және Қызылжар аудандарымен, оңтүстігінде Тайынша және Акжар аудандарымен шектеседі, ал, солтүстік-шығысында Ресей Федерациясының Түмен және Омбы облыстарымен шектеседі.

РАЙОН МАГЖАНА

Район Магжана Жумабаева – административный район в Северо-Казахстанской области Республики Казахстан. Административный центр – город Булаево. Население района составляет 41,89 тысяч человек. На западе граничит с Аккайынским и Кызылжарским районами, на юге – с Тайыншинским и Акжарским районами, на севере и востоке – с Тюменской и Омской областями Российской Федерации.

MAGCAN BÖLGESI

Magcan Cumabay bölgesi, Kazakistan Cumhuriyeti'nin Kuzey Kazakistan bölgesindeki idari bir bölgedir. İdari merkezi Bulaevo şehridir. Bölgenin nüfusu 41.89 bin kişi. Batı'da Akkayın ve Kızıljар bölgesiyle, güneyde Tayınша ve Akjar bölgeleriyle, kuzey-doğuda Rusya Federasyonu'nun Tümen ve Omsk bölgeleriyle sınırları vardır.

DISTRICT MAGZHAN

Magzhan Zhumabayev district is an administrative district in the North Kazakhstan region of the Republic of Kazakhstan. The administrative center is the city of Bulaevo. The population of the region is 41.89 thousand people. In the west, it borders on Akkayinsky and Kyzylzhar districts, in the south - with Tayynshyn and Akzharsky regions, in the north and east - with the Tyumen and Omsk regions of the Russian Federation.



СІЛКІТІН ҚАЖЫСТЫ ОҚИҒЫ
"МАҒЖАН ЖУМАБАЕВТЫҢ МУСАКАЙЫ"
АТТЫҒА АТЫСТЫРЫЛҒАН, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
СІЛКІТІН ҚАЖЫСТЫ ОҚИҒЫ



МАННУН
СЫНГАБЭЭ
СӨГӨӨ

МАҒЖАН ЖҰМАБАЙДЫҢ МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ

1993 жылы Мағжан Жұмабай туып өскен Сарытомар ауылында акынның 100 жылдық мерейтойы қарсаңында оған арналып мемориалдық музей ашылған.

МЕМОРИАЛЬНЫЙ МУЗЕЙ МАГЖАНА ЖУМАБАЕВА

В 1993 году в родном ауле Магжана Жумабаева Сарытомаре к 100-летию со дня рождения поэта был открыт мемориальный музей, посвященный Магжану.

MAGCAN CUMABAY'IN ANIT MÜZESI

1993 yılında, şairin doğumunun 100 yıldönümünü anmak için Magcan Cumabay'ın memleketi Sarytomar köyünde, Magcan'a adanmış bir anıt müzesi açıldı.

MEMORIAL MUSEUM OF MAGZHAN ZHUMABAYEV

In 1993, in Sarytomar, the native village of Magzhan Zhumabaev, to commemorate the 100th anniversary of the poet's birth, a memorial museum dedicated to Magzhan was opened.



Мағжан музейінде



Мағжан аудиториясында

МАҒЖАН ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Қазактың классик акыны Мағжанға бірнеше ескерткіш орнатылған. Оның екеуі Петропавл қаласында, үшіншісі туған ауылы Сарытомарда, төртіншісі Шымкентте, бесіншісі Түркия елінде Мағжан саябағында орналасқан.

ПАМЯТНИКИ ПОЭТУ


В память о поэте в мире установлено пять памятников: два в Петропавловске, третий в родном ауле Сарытомаре, четвертый в Туркестане, пятый в парке Магжана в Турции.

ŞAIRE ANITLAR

Dünyada şairin anısına beş anıt var: Petropavlovsk'ta iki, Sarytomar köyünde üçüncü, Türkistan'da dördüncü ve Türkiye'de Magcan parkında beşinci anıt. .

MONUMENTS TO THE POET

In memory of the poet there are five monuments in the world: two in Petropavlovsk, the third in his native village Sarytomar, the fourth in Turkestan, the fifth in the park of Magzhan in Turkey.





IV

Мағжан философиясы
Философия Мағжана
MAGCAN FELSEFESI
Philosophy of Magzhan

МАҒЖАН ФИЛОСОФИЯСЫ

Өнерде теңдесі жоқ асқақ акын Мағжан философиясының көкжиегі өзгеше көркем еді. Мағжан – Күн болатын: «Көкте – Күнмін, көпке нұрым шашамын». Көпке Күн болып нұрын шашқан акын-философтын асқақ үнін адамзат баласы естіп, нұрланды. Бірақ, Мағжан үні «шіркеулілердің» бетін қарыды.

Күннің нұрынан шошығандар «қара тактаны» ойлап тапты. Сырттан таңылған дүниетанымның жетегінде кеткендер Мағжандай тұлғаға жатбауырлықтың катыгездігін көрсетті.

Жетпіс жылдан соң қара түнекті қажарып Күн-Акын шуағын әлемге шашып жарқырай шықты. Мағжан сфинкс құстай түлеп ұшып, тәуелсіз Қазақ Елінің туында қанатын кең жая биікке самғады. Мағжан – Мәңгілік. Мәңгілікке қол созған Тәуелсіз Қазақ Елінің аспанында Мағжан идеясы қыран болып қалықтады.

Мағжан поэзиясының мәні – терең, көкжиегі – көркем. «Мен кім?» өлеңінде Мағжан «Мен өлмеймін, менікі де өлмейді, Надан адам өлім жоғын білмейді» деген. «Мені де, өлім, әлдиле» өлеңінде акын «Өлім күйі – тәтті күй, Балқиды жаным бұл күйге. Мені де, өлім, әлдиле, Әлдиле, өлім, әлдиле!..» дейді. Мағжандағы өлім мәңгіліктің метафорасы. Сондықтан өлім туралы жазған акын мен өлмеймін, менікі де өлмейді дейді. Философ-акын Мағжанның өнертаңымында эмпирикалықтан онтологиясы, басқаша айтқанда философиялық ойшылдығы басым. Мағжан поэзиясындағы ойшылдықтың мәні өмір мен өлім, болмыс пен тағдыр, еркіндік пен тәуелсіздік туралы терең танымнан көрінеді.

Мағжан поэзиясындағы Сарыарқаның самалындай еркін ойды тұсауға, шідерлеуге, кісендеуге ұмтылған цензураның бастауы тым ертеде, 1912 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Шолпан» өлеңдер жинағынан басталған. Поэтикалық дүниетаным философияның символдық тілі. Сол кездің өзінде, Мағжан идеясы қазақтың кең даласына тұтас жайылса империяға қауіп, сондықтан, цензура керек деп түсінген олар. Мағжанның артына от алып түскен алғашқы цензураны тауып, ол туралы өз еңбегінде ғалым Зарқын Тайшыбай тайға таңба басқандай кең таратып жазды (Тайшыбай З.С. Мағжанның

Қызылжары. Петропавл, 2006.). Қайран, Мағжан! Сол оттың арты өртке айналды ғой...

Мағжанның адамзатты сүю философиясы.

XX ғасыр бастауында өз басы қуғында жүрсе де елге келген нәубет-аштықта Мағжан қайыспай халқына азаматтық көмек қолын созған. Аштыққа қарсы күрес комиссиясы төрағасының орынбасары болып бекіген Мағжан қыруар іс атқарған. Оның 1922 жылы «Мир труда» газетінде жарық көрген «Голод в Сары-арке» мақаласы соған дәлел. Тіпті, губерниялық әскери комиссар Приморскийге жазған хатында жетім казак балаларымен қатар, казак жеріндегі аштыққа ұшырап отырған орыс балаларын да қамқорлыққа алуын сұраған(сонда, 106 бет.). «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» айтқан, өзі алтын хакім атаған Абайдай Мағжанның да жүрегі үлкен еді.

Мағжанның Алтай ұғымды түркі философиясы.

Түркі санасында, түркі философиясында Алтай субстанциялық ұғым. «Алтай түркі ұлыстарының Афинасы» деп атакты түркітанушы Л.Н.Гумилев бекер айтпаған. Хан Алтайдың рухын Мағжандай асқақтатқан ақын кемде-кем. Мәселен, «Қазақ тілі» өлеңінде: «Қыран құстың қос қанаты қыркылды, Күндей күшті, күркіреген ел тынды. Асқар Алтай – алтын ана есте жоқ, Батыр, хандар – асқан жандар ұмытылды!». Мағжан философиялық рефлексия арқылы сананы сілкіндіруге ұмтылған. Ұстазы, алаштың алыбы Міржақып Дулатұлының идеясын тереңдеткен. Мағжан «От» өлеңінде «Әлпіге барғам, Алтайдан» десе, «Тез барам» өлеңінде «Қыранымын сары сайран даланың, қос қанатым – алтын Алтай, Оралым» деген. Тағы да осы өлеңде «Дұғада бол, Алтын Алтай – қарт анам, Алып ата, қуды жолың ер балаң, Ақ шашыңды, көкірегінді иіскеуге, Тәңірі жазса, сәулетпенен тез барам». «Тәңірі жазса, сәулетпенен тез барам» дегенде Мағжан нені айтып отыр? Бүкіл Еуразия кеңістігіне шашылып кеткені тұтас түркі баласы сананды оят, атақоныс алтын Алтайда ата-бабаң салтанат құрған, соның басында бірік дегенді айтып отыр. Ақын-философтың сәулетпенен тез барам деуі асқак идеяның көрінісі.

XX ғасыр басында Хан Алтайдан алыстап, өрістеп кеткен Анадолы түріктерінің басына қауіп төнгенде Мағжанның қыран даусы ұлы даладан санқ етіп дара шыққан еді: «Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта, Қайғыдан қан

жұтамыз. Біздің атқа лайық па құл боп тұру? Жүр, кетелік Алтайға, ата мирас алтын таққа». Мағжан Алтайды алтын таққа тенеген. Рухы биік Анадолы түріктері бүгінде Мағжанның тұлғасын аса биіктетті. Анадолы түріктеріне Хан Алтайдан, атажұрттағы казак түріктерден мың алғыс. Тәңірім қолдасын сендерді!

Мағжанның Алаш философиясы.

Мағжан Хан Алтай мен Алаш Елі ұғымдарын бөлмеген. Қазақтың классик акыны Мағжанның «Қорқыт» поэмасы былай басталады: «Алтайға жер жүзінде тау жоқ жеткен, Алтайға бетегедей алтын біткен. Бейіштей Алтын Алтай етегінде, Ертеде Алаш елі мекен еткен». XX ғасыр басында қазақтың алып тобы осы идеяны субстанция деп танып, оған «Алашорда» деп ат қойды. Философ-акын Мағжан «Алаш елі» ұғымын «Батыр Баян» поэмасында асқақ жырлайды: «Арқамдай жер жүзінде жер бола ма? Айбынды алашымдай ел бола ма?».

Шындығында, Алаш философиясы – феномендік құбылыс, этнотұтастық таным барлығының көрінісі. Қазақ халқының біртұтас ұюына ғаламат ықпал еткен, еркіндік рухына ту байлаған Алаш философиясының ашылмаған анықтары көп. Сол анықтың бірегейі философ-акын Мағжан айтқан «Алаш елі» ұғымы. Оның тамыры тереңде жатыр, бастауы – Хан Алтайда!

Хан Алтайды Мағжандай асқақтатқан акын жоқ. Менің ұсынысым бар. Хан Алтайдың бір биігіне Мағжанның атын берсек, нұр үстіне нұр болар еді. Ал, бере алмасақ, елдігімізге сын. Бірақ, бір нәрсені ескеруіміз керек, егер біз Мағжанның есімін бере алмасақ, ертең алаш рухты жастар береді. Асқақ рухты акын Мағжан айтқан ғой: «Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты – Қырандай күшті қанатты, Мен жастарға сенемін!». Мен де жастарға сенемін!

*Шаңбай Тұрдықұл Қасенұлы,
Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени
және әдеби-мемориалдық музей-қорығының директоры*

MAGCAN FELSEFESİ

Sanatta benzerine sahip olmayan mükemmel şair Magcan felsefesinin ufukları dikkat çekiciydi. Magcan Güneşti: «Gökyüzünde ben güneşim, herkese nurumu saçarım.» Büyük filozofun sesini insanlar duyup, memnun olurdu. Fakat Magcan'ın sesi «kiliselilerin» hoşuna gitmedi.

Güneş ışığından korkanlar «siyah tabağı» icat etti. Dıştan tanılan dünya görüşü üzerinde gidenler, Magcan'a kabul edilmemeği göstermiş, acımasız bir şekilde davranmıştı.

Yetmiş yıl sonra, güneş-şair karanlıktan çıkıp dünyayı parlattı. Magcan tam bir sfenks kuşu gibi bağımsız Kazak Ülkesinin bayrağı altında geniş uçtu. Magcan sonsuzdur. Magcan'ın fikri, sonsuza dek süren bağımsız Kazak ulusunun gökyüzündeki kartalıdır.

Magcan şiirinin özü derin, ufukları görkemli. «Ben kimim?» şiirinde Magcan, «Ben ölmezim, benimki de ölmeyecek, akılsız insan ölüm olmadığını bilmez» demişti. «Beni de, ölüm, teskin et» şiirinde şair şöyle demişti: «Ölüm hali tatlı hal; Ruhumu benim eritir, Beni de, ölüm, teskin et, teskin et, ölüm, teskin et!» Magcan'daki ölüm, sonsuzluğun bir metaforudur. Ölüm hakkında yazan şair, ölmeyeceğini ve ona ait olanın da ölmeyeceğini söylüyor. Magcan şiirindeki düşüncenin manâsı, yaşam ve ölüm, varoluş ve kader, özgürlük ve bağımsızlık hakkında derin bilgi birikiminde barizdir.

Magcan'ın şiirindeki Saryarka'nın esintisi gibi özgür düşüncenin tanıtılması ve formüle edilmesini amaçlayan sansürün başlangıcı, 1912 yılında Kazan'da yazılmış «Sholpan» şiir ile başladı. Şiirsel dünya görüşü, felsefenin sembolik dili. O zamanda bile, Magcan fikrinin, Kazak bozkırlarına daha geniş yayılması imparatorluğa tehdit olacağını fark edenler sansür gerek diye anladı. Magcan için ilk sansürü bulup, o hakkında kendi eserinde bilim adamı Zarkın Tayşıbay tamamen açıkca yazdı (Tayşıbay Z. S, Magcan'ın Kyzylzhary, Petropavlovsk, 2006). Ay, Magcan! Bu ateş sonunda yaygına değişti...

Magcan'ın insanlığı sevme felsefesi.

Yirminci yüzyılın başında, zulüm gördüğü gerçeğine rağmen, Magcan halkına sivil yardımı ile geri döndü. Açlıkla mücadele komisyonu başkan vekili olarak görevlenen Magcan, iyi işler başardı. 1922 yılı «Mir Truda» gazetesinde yayınlanan «Sary-Arka'daki açlık» makalesi buna ispat. Hatta, eyalet askeri komiseri Primorsky'ye yazdığı mektupta yetim kalan kazak çocuklarıyla birlikte kazak ulkesinde aç kalan rus çocuklarına da bakmalarını istemişti. (Sayfa 106). «Bütün insanlığı sev kardeşim deyip» diye yazan Abay gibi Magcan da büyük bir kalbe sahipti.

Magcan'daki Altay Türkçesi felsefesi.

Türk felsefesinde Altay madde kavram. Ünlü Türkolog L. N. Gumilev, «Altay Türk Milletlerinin Atinası» olduğunu söylemişti. Han Altay'ın ruhunu Magcan kadar yükselten şair adeta bulunmaz. Örneğin, «Kazak dili» şiirinde: «Kartalın çifte kanadı kesildi, Güneş gibi güçlü halk söndü. Altay, altın anne unutulmuş, Kahraman, kraller - büyük insanlar unutuldu! «Magcan, felsefi reflekslerle zihinleri sarsmaya çalışmıştı. Alaş'ın devesi olan öğretmeni Mirjakip Dulatoğlu'nun fikrini derinleştirdi. Magcan «Ateş» adlı şiirinde «Alpler'e giderim Altay'dan», «Hızla giderim» şiirinde ise «Kartalıyım kocaman bozkırın, çift kanatım altın Altay, Oralım» demiş. Ve yine, bu ayette, «Duada ol, Altın Altay, yaşlı annem, Büyük ata peşinden gitti oğlanın, beyaz saçlarını ve göğsünüzü kokmaya nasip olsa hızla gideceğim» derken Magcan neden bahsediyor? Tüm Avrasya'ya adanmış olan bütün Türk çocukları, dedenizin halefi altın Altay'da toplanmasını söylüyor. Bir şair-filozofun sauletpen daha hızlı geleceğini söylemesi, ideal düşüncenin bir yansımasıdır.

Yirminci yüzyılın başlarında, Altay'dan uzaklaşıp giden Anadolu Türkleri tehlike altında olduğu sırada, büyük bozkırdan Magcan'ın kartal sesi parlak çıkmıştı: «Kardeşim! Sen oradasın ve ben burada, kalbimiz ağrıyor sizin için. Atımıza uyar mı hiç köle olmak? Hadi, dedemizin mirası, altın taht Altay'a gidelim.» Magcan'a göre Altay altın bir tahttır. Bugün de Anadolu Türkleri, Magcan'ın görkemliğini destekliyor. Anadolu Türklerine Han Altay, Anayurt kazak türklerini binlerce şükran duyuyor. Tanrım sizi korusun!

Magcan'ın Alaş felsefesi.

Magcan, Altay ve halkı ayırt etmedi. Kazağın klasik şairi Magcan'ın «Korkıt» şiiri şöyle başlıyor: «Altay dünyanın tepesine ulaştı ve kocaman altın Altay'a ait. Altın Altay'ın eteklerinde eskiden Alaş halkı yaşıyordu». Yirminci yüzyılın başında, Kazağın bir topluluğu bu fikri bir madde olarak kabul etti ve ona «Alaşorda» adını verdi. Filozof Magcan «Batır Bayan» (Kahraman Bayan) adlı şiirinde «Alaş Ülkesi» kelimesini diline getiriyor: «Arka'm gibi bir yer dünyada var mı?», Alaş'ım kadar yürekli bir ülke bulacağım mı?».

Aslında, Alaş felsefesi, bir fenomen, etnisotik bilgi olgusudur. Kazak halkının birikmesinde büyük etkisi olan, özgürlük ruhu sağlayan Alaş felsefesiyle ilgili çok belirsizlikler vardır. Onlardan biri filozof-şair Magcan tarafından konuşulan «Alaş ulkesi» kavramı. Onun kökeni derinde, başlangıcı - Altay'da!

Han Altay'ı Magcan kadar ünlü eden şair yoktur. Benim bir önerim var. Han Altay'ın bir zirvesine Magcan'ın adı verilse, çok güzel olur. Veremeyeceksek ulkemize ayıp. Ama akılda tutulması gereken bir şey, eğer Magcan'ın ismini veremezsek, yarın kazağın ruhlu gençleri verecektir. Şair Magcan şöyle demişti ki: «Aslan gibi cesur, kaplan gibi kuvvetli, kartal gibi güçlü, gençlere güveniyorum!». Ben de gençlere güveniyorum!

Şanbay Turdıkul Kasenoğlu

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР / ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА / KULLANILMIŞ EDEBIYAT / REFERENCES

I. МАҒЖАН ЖҰМАБАЙ: ШЫҒАРМАЛАРЫ МЕН ЕҢБЕКТЕРІ

1. Жұмабаев Мағжан. Таңдамалы: (Өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар). – Алматы: Ғылым, 1992. – 272 б.
2. Жұмабаев Мағжан. Шығармалар: 3 томдық. – Алматы: Білім, 1996.
3. Жұмабаев Мағжан. Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: Ан Арыс, 2009.

II. МАҒЖАН ЖҰМАБАЙ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

1. Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы. – 1923.
2. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – Алматы: Ғылым. – 1997.
3. Бердібаев Р. Түрік данқынын жыршысы. Халық кеңесі. – 1993.
4. Дәрімбетов Б. Мағжан және Алаш қозғалысы. Қазақ тарихы. – 1999.
5. Елеукенов Ш. Мағжан: Өмірі мен шығармашылығы. – Алматы. – 1995.
6. Қирабаев С. Мағжан – Қазақтың ұлттық ақыны. – Алматы. – 1993.
7. Мұхаметхан Қ. Мағжан Жұмабаев. Семей таңы. – 1989. 12 қаңтар.
8. Нұрғалиев Р. Алыптар қайта оралғанда: Мөлдір сезім, биік парасат. – 1989.
9. Тілешев Е. Мағжан Жұмабаевтың поэзиясындағы романтизм. Алматы. – 1997.
10. Maghjan Jumabayev. The Poet of Flare, Liberty and Love – Ж 78 AsTana, Ғылым – 2018.

III. ИНТЕРНЕТ РЕСУРСЫ

1. <https://kk.wikipedia.org>
2. <http://jumabaev.nklibrary.kz>
3. <https://www.inform.kz>
4. <http://literbook.com/kk>
5. <https://margulan.psu.kz>
6. <http://alash.semeylib.kz>

7. <https://www.pinterest.com>

8. <https://wallhere.com>

9. <http://tonpix.ru>

Кітапта отандық және шетелдік фотошеберлердің (интернет жүйесінен)
жұмыстары пайдаланылды.

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / İÇERİK / CONTENTS

Біздің Мағжан.....	3
Наш Мағжан.....	3
Bizim Mağcan.....	3
Our Magzhan.....	3
Ақын өмірі.....	7
Жизнь поэта.....	7
Şairin hayatı.....	7
The life of a poet.....	7
Ақын шығармашылығы.....	77
Творчество поэта.....	77
Şairin eserleri.....	77
The work of the poet.....	77
Мағжан туралы.....	139
О Мағжане.....	139
Magcan hakkında.....	139
About Magzhan.....	139
Мағжан философиясы.....	165
Философия Мағжана.....	165
Magcan Felsefesi.....	165
Philosophy of Magzhan.....	165

7.1
8.1
9.1

Автор-құрастырушы – *Тұрдықұл Шаңбай*

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі
басқармасының Сәбит Мұқанов атындағы облыстық әмбебап ғылыми
кітапханасының көмегімен

БІЗДІҢ МАҒЖАН

Безендірілген жинақ

Жауапты редакторлар – *Досбол Абдрисов*

Ақмарал Ибраева

Көркемдеуші редактор – *Қымбат Рымханова*

Шығарушы редактор – *Әсемгүл Темірханова*

Компьютерлік беттеуші – *Қымбат Нұрланқызы*

Баспаға 09.11.22 кол қойылды.

Қалпы 84x108 ¹/₁₆. Тапсырыс бойынша.

Баспа табағы 18,48. Бағасы келісімді.

Таралымы 1000. Тапсырыс № 1709.

Тапсырыс берушінің файлдарынан «Кокше-Полиграфия» АҚ баспаханасында басылды.
Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.